# Сөз басы!

## Тіршіліктегі қорғаным, қолдаушым еді-ау! ← заголовка!

Балзада Шәмші қызы Ұлы батыр Жалаңтөстің
Дана тұлға Әйтеке бидің ұрпағы!!! ← под заголовка

2 Енді осы жолдардың авторының 74 жыл баққан, күткен жан жары болған, аса қиында қауіпті кездерде аман алып қалған қошқолым — Балзада Шәмші қызы жайлы деректерден бастайыншы-ау, ә?!

* * *

2 Тума-туыстары, замандастары құжаттандағы есімін «Ата қошқол», «Бақ қошқол», «Би қошқол», «Шешен қошқол» деп атап кетті-ау! Ал замандастары: «Тәкеңнің — Тауман Төрекановтың қорғаушысы, қолдаушысы, кеңесшісі!» деп атап жүрді-ау!

2 Шынында да, халық біліп айтқан қой!

2 Турасын айтсам, осы жолдарбен (...жетпіс төрт жыл бір шаңырақ астында ғұмыр кешкен қой) баққан, күткен, сүйікті халқыма ақ ниетімен, арда сөзімен, ақыл-кеңесімен абыройымды, ажарымды осы тоқсан бес жасқа дейін жеткізген Балзада Шәмші қызы — қошқолым қой!

2 Туған, өскен елімде өзіке арқамды Ұлы қырда сүйегендей;

2 Алматыда, оңтүстік өңірлерде өзіке арқамды Алатауға сүйегендей жүретін едім-ау!

2 Ал Европаның Орталық өңірлерінде, Кавказдың Пятигорск, Железноводск, Кисловодск санаторий — Ессентуки, Қазақстанның демалыс-ларында, емдеу орындарында талай демалып, емделіп және сайрандап жүрдік-ау...

2 Германияның астанасы Берліндегі Рейхстактың биігіне менен бұрын көтеріліп, өзінің шапан алып, қолын көтеріп, қолыңнан қайта-қайта сүйіп, құттықтап, өрмелеп шығып келе жатқан маған жымиып қарайтын еді-ау, бүгіне-ай!

2 Қайтейін, тағдырдың жазуы осылай болған шығар. Жанжары қошқолым — Балзада Шәмші қызы жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдасың болсын деп тілеуші! 74 жыл бірге ғұмыр кешкен, жарық дүниеге бес бала әкеліп, шаңырақтарын көтерген қошқолым — тоқсан беске жеткізген шалың әркез еске алып отырады, жүрегі!

2 Сен мәңгілік көзім жұмылғанша есімдесің!

(1 бет)

## Қошқалымның – Балзада Шәмші қызының арда бір сөздері; қамшылы да ақыл-кеңестері!

Тіршілікте қасымда ұлдарымның болғаны жұбаныш! Қыздарым мен келіндерімнің болғаны – тіреу! Ал „Осырақ" шалымның болғаны қуаныш! дейтін еді-ау! Маған күле қарап, дүние-ай! Алматы қ. 15 март 2021 ж.

Жанжарым – Қошқалым 74 жыл бойы 30 қазан-октябрь 1949 ж. – 14 наурыз 2023 жыл мен баққан, күткен, халыққа ақ ниетімен, арда сөзімен, ақыл-кеңесімен абыройымды – ажарымды өсірген осы 95 жасқа жеткізген Балзада Шәмшіқызы еді-ау! Әруағына бас иемін!

Жан Қошқалым-ай ақтық сапарға туысы Ұлы Қалтайжанның бастап, туған халқың бас иетіндей, риза болғандай етіп шығарды-ау!

Айта кетейінші, соңғы отыз жылға жуық уақытта жинармадай кітаптың, төрт жүздей көкейкесті мақалалардың қолымнан – қаламымнан жарыққа шығуына сүйеу, демеу – болды-ау...

Бүгін – сейсенбі, 14 наурыз 2023 жыл, жанжарым Қошқалым – Бал. Шәмшіқызы мені „жалғыз" тастап, мәңгілікке кетті-ау! 1928 ж. жазда – 2023 ж. – 95 жас!

...Қошқалым – Балзада Шәмшіқызы үйде, жүріп келе жатып құлап қалды. Отбасылап жылады. Мен де өкіріп жыладым. Сонша жылдағы отбасылық ғұмыры осымен аяқталды-ау.

Қошқалымның соңғы бір тарихи сөзі: „Мен енді 95 жасқа келгелі отырмын. Бес жылдан кейін 100-ге келемін. Сонда сен қайда боласың?" деп маған – отағасына жымиып күле қарады-ау, Сұм дүние-ай!

Мені өмір бойы „Әкесі", „Әкесі-ау" деп кетті-ау. „Әкесі-ау, мәңгілікке кеткелі отырмын, жатырмын. Сен жетім шал болып қаласың. Тағдырдан сұраймын, жетім әке болып қалмағай деп. Өзіңді соңша жыл баққан, күткен, енді мен жоқпын ғой. Бүгінгі тіреуің, сүйеуің балаларың, туған-туыстарың, сүйікті халқың! Сен жарық бұл дүниеде – халық адамысың ғой. Халқың әркез іздейді... Аман бол!!!

Қошқалым – Балзада Шәмшіқызы арманда кетті-ау, дүние-ай! Орталық (бұрынғы Совмин) Ал-маты[illegible] ауруханада әл үстінде жатып, көңіл-күйін сұрап →

жалғасы келесі бетте →

→ барған балаларына әл үстінде жатып:
— Әкең қайда? Әкеңді сағындым-ау, — деп айта беріпті.
Көз жұмар алдында, балаларынан таңда:
— Әкең қайда? — деп үш рет қайталап сұраған арда сөзін жатқан бөлмесінің босағасына сүйеніп тұрып естідім-ау. Мен де қатты ауырып, өмір мен өлім арасында тұрып, осы бір соңғы сөздерін естіп, құлап кеттім-ау... Мені көре алмай, қоштаса алмай түнгі 1 сағат 20 минутта 14 наурыз 2023 жылы жарық дүниемен қоштасқандай болды. Әрине, балаларымы, келіндер маған бір доне жұбатып алар деген ойда болған шығар, көп жақындатпады-ау...

# Арда Анамен қоштасу...

## Бір некеде 74 жыл 27 күн кешкен заман-ай!

Торехановтар әулетінің негізін қалаған — ұрпағын жарық дүниеге әкеліп, өсірген тәрбиелеген, өмірге, білім мамандық алуға барлығына кең жол ашқан, ақыл-ойын, қайратын жұмсаған Арда Анасы Балзада — қосылы мәңгілікке кетер алдында: „Әкең қайда? Әкеңді сағындым-ау" деп, үш рет тарихи сөзін қайталап, менің қолымды төсіне қойып, жарық дүниемен қоштасты-ау, қолымнан қайта-қайта сүйді-ау.

Мен де жан жарым ~~соңғы~~ жыл баққан, қорғаған, өмір бойы қолдаған қосылымның бетінен, маңдайынан сүйіп, қолын төсіме қойып қоштастым-ау, от жалған дүние-ай...!

Тауман Тореханов, Алматы қаласы,
14 наурыз 2023 ж. Түнгі 1 сағат
20 минут.

Иә, бұл тарихи қоштасу болды ғой!
Тарихи некеде 30 октябрь-қазан — 1949 жыл ~~14 наурыз~~ 2023 ж. туыпты-ау! Қосылым жарық дүниеге бес бала әкелді-ау! Барлығын — немере-шөберелерін бағып, өсірді, тәрбиеледі, жоғары білім-мамандық алғызды! Өзі балаларының оқу-тәрбие туралы жағдайын білу үшін Москва, Алматы, Т. балаларға барды-ау, дүние-ай!

Мы часто думаем, что смерть – это конец всего, и что любимый человек ушёл навсегда. Но наша мама бессмертна в нашей памяти, и мы все никогда не забудем её заразительный смех и юмористический характер. С искренними соболезнованиями и сочувствием, МАРИЯ & ФРАНЦ. 17.7.2023 г. Мария Торехановтар әулетінің туысы қызы ғой.

\# \# \#

Бұл да бір заманы туысы еді-ау

2 - Әже-ау, Тауманыңызды неше жасыңызда туғансыз?

2 - Несін сұрайсың, мен Тауманнан жиырма бес жас кішімін. Иә, бұл әженің әбден қартайған кезі еді-ау

2 - Әже-ау, не деп отырсыз? Сонда Тауманнан сіз туғансыз ба?

2 - Балам-ай, қойшы енді, дұрыс айтып отырмын.

2 - Әже-ау, сонда Тауманнан сіз туғансыз ба?

2 - Сонда, әже-ау, Тауман балаңыздан 25 жас кіші болғаныңыз ғой, ә?

2 Отырғандар күлкіге батты!

2 - Әжеке-ау, Тауман кімнің баласы?

2 - Бес атасының баласы ғой. Біздің туған әке-шешем демейтін-ді! Маған отырған бірінші рет мектепке алып барғанда, мектеп бастады:

2 - Бес атасы дегенің кім? Ол әкесі қайда? деп сұрапты.

2 - Ашаршылықта әке-шешесі дүниеден өтті ғой. Бірақ біреу жолда келе жатса, „Әке, әкем келе жатыр!" деп жүгіріп ол адамның алдынан шығатын-ды. Тіпті „Әкем қашан келеді" деп жерді қолындағы шыбықпен сабалап, өкіріп жылап отыратын еді. Мен жаңа қосылып жылайтын едім-ау, дүние-ай! Дейтін-ді Апасы!

2 - Әжей-ау, Тауман қай жылы туған? Қай жерде?

2 - Байларды тәркілейтін жылдың басында ішімде еді, бірақ қай жылы екенін білмеймін.

2 Сонда 1928, не 1929 жылдары Тауманыңыз жарық дүниеге келген болды ғой, ә? Солай ма, Әже?

2 - Білмеймін, мына Мұғалжар тауының Бәйменбұлағының, көктемде, жағасында ма, әлде Шалқар көлінің Ақшиге қараған бетінде ме?

* * *

2 Әже көңілденген кезде: Қарашаш анам Қыястырды:

2 Біздің ел көшуші еді-ау, Күмжі жаққа,
2 Кетуші еді-ау, айдап қымыз ішу жаққа,
2 Кейде, әже:
2 Біздің ел қайтушы еді-ау, Бұл борыңа,
2 Әземдік жарасппай ма көз сорлата!
2 Біздің ел қайтушы еді-ау, Қобда жайлап,
2 Қоңыраң жарамушы еді-ау, бота, тайлақ,
2 Жолға қарайтындағы азаматын -
2 Жас келін күтуші еді-ау, көз жайнап,
2 Сар ~~самовар~~ босағада тұрушы еді-ау,
2 Бұрын, бірақ қайтпап...

2 Еске сала кетейінші, бұл өлең-жолдарын 103 ~~жасаған~~ жасаған ~~жасаған~~ ұлы Қаратасбай Жападының немересі Бәсенің көбес. ~~шығарған~~ шығарған.

2 Балам есіме түскенін білмеймін, сонау 1933-1937 жылдары болар, Анам Қарашаш, Әжем Күміс жылдары болар, Анам Қарашаш кейде көңілденген кезде ұршығын тізесіне жақындатып айналдырып, кейде алақанына түкіріп отырып айтатын-ды құлпық, көтерем бала мешіп құлаған-ды шалғай қаламын-да. # # #

4 бет

Есет Көтібарұлы (1803 - 1887 ж-ж.) жылдары
ғұмыр кешкен ұлы ойшыл, дипломат,
саясаткер, халық батыры, халық биі, ел
басшысы! Заманында әлем таныған дана
қайраткер! Қазақ халқының ұлт-азаттық
қозғалысының, көтерілістерінің қолбасшысы!
2 Есет Көтібарұлының ұлылығын, даналығын,
батырлығын, шешендігін, арда дипломаты-
лығын жазбаларында еуропалық, ресейлік,
Орта Азияның, Колумбияның, басқада
мемлекеттердің ұлы ойшылдары, демокр-
аттары жазған, суреттерін берген, кездескен.
2 Осы жолдардың авторы Есет Көтібарұлы-
ның ұлылығын, аса білімді дипломаттығын,
ұлт-азаттық көтерілісін, теңдесі жоқ
қайраткерлігін бірнеше кітаптарында,
тарихи архивтік деректерге сүйеніп,
үш тілде қазақ, ағылшын, орыс
тілдерінде жазып әлемге таратқан болатын.
2 „Дала Тұлғасы" қазақ, ағылшын, еуропа
елдерінің тілдерінде жазылған еді. Ол үш
кітап АҚШ-тың Американың Нью-Йорк
ғылыми, әдеби қормаларында аса жоғары
баға алған еді! Сол кітаптардың жұртшылығы,
2024 жылы тоқсан бестағы қарт
жазушы ұлы ел - Америка Құрама Штат-
тарында 75 күн балаларымен келінімен, сол ұлы
арбаға отырғызып алып барғанында, сұрағыс жазып,
елде тұратын қандастарыма, сұрағыс осы кітапты
ауылдағы азаматтарға да тегін
сайтта таратып бердім...
2 Шет елдердің сөздіктерінде-кітаптарында
осы авторлардың „Дала Тұлғасы" кітабын
ағылшын тілінде келістіріп берімпі! Тоқсан
бес жастағы қаламгердің ағалдан елдер-
дің қаламгерлеріне ақ та қағаз жүрегінен
айтар алғысы шексіз!

Еске салатағым: „Күнделік-Дневник" блокнотында
осы қалам мен тексерілері
әдемілеп кіргізу керек.
Ол кейін Сайтқа салынады.

***

Дана басшысы жоқ ел күн түспейтін жермен
тең!
Дауға бәріміз барайық! Жауға бәріміз барайық!

Есет Көтібарұлы — 103 жыл
жасаған Бәсен Атаның дана
немересі! Бұл тарихи тұлға
жайлы осы жинақта айтылады.